

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің денсаулық сақтау
басқармасы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
«№ 2 қалалық емхана» шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорны



Коммунальное государственное
предприятие на праве хозяйственного
ведения «Городская поликлиника №
2» коммунального государственного
учреждения «Управление
здравоохранения акимата
Северо-Казахстанской области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 19 наурыз № 130
Петропавл қаласы

"Сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі талдау жүргізу туралы"

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 8-бабының 5-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2, 4, 6-тармақтарына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023 жылғы 01 мамыр мен 2024 жылғы 01 сәуір аралығында "№2 қалалық емхана" ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі талдау жүргізілсін.
2. Сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі талдау бүкіл кәсіпорынның қызметінде жүргізілсін.
3. Келесі құрамда сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылсын:
 - 3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің маманы Валеев А. М.
 - 3.2. Директордың емдеу жұмысы жөніндегі орынбасар м.а., Мейманова Б.А.
 - 3.3. ПББ басшысы Батенева Н.Б.
 - 3.4. Бас бухгалтер Симонова И.С.
4. Сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі талдау жүргізу мерзімі 2024 жылғы 29 наурыздан 14 мамырға дейін.
5. Сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік комплаенс-қызмет маманына жүктелсін.

Директордың м.а.



Қазиев А.Ж.